

# БІТКЕН ІС ПЕН КҮТКЕН ІС

Жылдың бірінші жартысы біздің облыс үшін жаман өтпеді. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде өсім байқалады. Бір-ақ жерде «бірақ» деуге тура келеді. Осы облыстық мәслихаттың кезекті XIV сессиясында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев айтып берді.

– Мұнай өндіру көлемінің төмендеуі – табиғи фактор. Оған біз ешқандай әсер ете алмаймыз. Биылғы болжам – 6,8 млн тонна. Өткен жылдан – 840 мың, ал 4 жыл бұрынғы көрсеткіштен 4,2 млн тоннаға кем, – деді облыс әкімі.

Әйтсе де, «солдай екен» деп ешкім қол қусырып отырған жоқ. Бағра – қанағат. Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында негізгі секторларды техникалық қайта жарақтандыру, еңбек өнімділігі мен экспорттық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында шаралар атқарылып жатыр. Жыл басында облыс әкімінің 2017 жылға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары қабылданған болатын. 300-ден астам тармақты қамтыған жоспардың бір бөлігі мерзімінде іске асырылды. Қалғаны – келер күннің енісінде. Сессияда Қ.Көшербаев жылдың белортасына нендей жетістіктермен жеткенімізді саралап, қандай мәселелер барын да жасырып қалмады. Алда одан да көп шаруа тұр. Сөз соңында мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген мемлекеттік мекемелердің басшылары арасында кездесетін сыбайлас жемқорлық мәселесіне көпшіліктің назарын аударды.

– Қоғалығында көп нәрсе таса емес бірінші басшыларға тиісті талап қою уақыты келді деп есептеймін. Себебі өзінің қолтастындағы әр қызметкер үшін жауапкершілікті тікелей оны тағайындауға бастамашы болған басшысы көтеріп тис, – деді облыс әкімі.

Осындай әрбір келенсіздіктен кейін оны жасаған лауазым иесі ғана жазаланып қоймай, тікелей басшысы да басыммен жауап беруге міндетті. Қ.Көшербаев бұл мәселеде барлығын талапты да тиянақты болуға шақырды.

Одан кейін облыстық мәслихат депутаттары Мәдихан Бекжанов, Мейрамбек Жұмасhev, Нұридин Өмітов аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынның оң бағалап, Елбасы тапсырмаларын межелі уақытта сапалы орындау күрделі сын әрі жауапкершілік екенін жеткізді.

– Денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасы нығайтып келеді. Көптеген медициналық ғимарат жаңадан салынды. Биыл Арал, Қазалы аудандық ауруханаларының құрылысы басталды. Медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында емханаларда 89 мамандандырылған кабинет, офтальмохирургиялық және тағы басқа орталықтар ашылды. Қатерлі ісікке шалдыққан ауыр науқастардың өмірін ұзартуға бағытталған паллиативті көмек көрсету үшін онкология орталығында 30 төсек орынды бөлім, әр ауруханада арнайы 5 орыннан ашылды, – деген Н.Өмітов бірді-екілі ұсынысын айтты.

Мысалы, Батыс Еуропа – Батыс Қытай автодәлізінің бойындағы трассалық медициналық құтқару бекеттерінің санын арттырса, науқастарға уақытылы, сапалы көмек көрсету үшін амбиогрaф тапшылығы жойылса дейді. Мәслихат жиынының күн тәртібіндегі тағы оншақты мәселе бойынша шешімдер қабылданды. Оның ішінде 2016 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп, көші-қон процесін реттеу қағидалары, тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау, құрылыс салуды реттеу, қорғалатын табиғат ландшафт аймақтарының шекаралары бекітілді.

Сессия соңында аймақ басшысы Қ.Көшербаев облыстық мәслихат депутаты, «СКЗ-Ю» ЖШС-нің бас директоры Мәдихан Бекжанов пен су шаруашылығы саласының майталманы, «Қазушар» РМК облыстық филиалы өндірістік учаскесінің бастығы Жорабек Нұрымбетовті – асқаралы 60, облыстық мәслихат хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, акадeмиялық доцент Наурызбай Байқадамовты ердің жасы – 50-ге толуымен құттықтап, Құрмет грамотасымен марапаттады.

Сонымен қатар облыстық ІІД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетов облыстық мәслихаттың бірқатар депутатына құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі үлесі үшін «Қазақстан полициясына – 25 жыл» төсбелгісін табыс етті.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ,  
Н.НҰРЖАУБАЙ (сурет).

15

ШІАДЕ  
СЕНБІ

2017 ЖЫЛ  
№104-105 (19390-19391)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

## ● ПРЕЗИДЕНТ

# ЕЛБАСЫ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ШАРАҒА ҚАТЫСТЫ

Еліміздің күш және құқық қорғау құрылымдарының, министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен бірге, құрметті қонақтар қатарында шетелдік елшіліктер делегацияларының жетекшілері, шетелдік арнаулы қызмет өкілдері мен ардагерлері болды.

Қазақстан Президенті елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін өз өмірін құрбан еткен ҰҚК қызметкерлерінің еңбектерін ерекше атап өтіп, оларды бір минут үнсіздікпен еске алуға шақырды.

Мемлекет басшысы Достастық елдерінің қауіпсіздік органдарының жетекшілеріне Қазақстандағы әріптестерімен тығыз байланыс орнатып, өзара жемісті іс-қимыл жасап келе жатқаны үшін алғыс айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктеріне тоқталып, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің мемлекетіміздің егемендігі мен

конституциялық құрылымын сақтаудағы ролін атап өтті.

– Біз «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын іске асырудамыз. Оның мақсаты – әлемнің озық дамыған отыз елінің қатарына кіру. Оған табысты қол жеткізудің басты шарттары – төңірегімізде бейбіт өмір мен тыныштықты қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан қоғамында ішкі саяси тұрақтылық пен келісім орнату, – деді Елбасы.

Қазақстан Президенті еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін күрескен қаһарман бабаларымыздың ерлігін есте сақтаудың маңыздылығын айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің қазіргі барлық сын-тегеуріндері мен қауіп-қатерлеріне қарсы тұру үшін ҰҚК қызметкерлерінің кәсіби қабілеті мен біліктілігін жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Жыл басында Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның ведомстволарының жаңа құрылымы бекітілді. Өзара іс-қимыл

жасау мен күш-қуатты қайта орналастырудың жаңартылған жүйесі мейлінше тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері алдағы уақытта да Отанымызға мінсіз қызмет етіп, елімізді көркейту және ұлттық мүддемізді қорғау жолында өздерінің барлық күшін, білімі мен тәжірибесін жұмсайтынына сенімдімін, – деді Елбасы.

Сонында Қазақстан Президенті қызметтік парызын орындауда ерлік мен жанкештілік көрсеткен ұлттық қауіпсіздік органдарының үздік қызметкерлеріне ордендер мен медалдар табыс етті. II дәрежелі «Айбын» орденімен Е.Көшербаев (марқұм), Ә.Сарықұлов, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен ҰҚК қызметкерлері – Д.Базарбаев, А.Қожабеков, А.Лұқпанов, Ж.Омариев, Ә.Тастамбеков, Е.Үеснов марапатталды.

Марапаттау рәсімінен кейін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 25 жылдығына арналған салтанатты концерт өтті.

# БІРЛІК ПЕН ТІРЛІК БАҒЫНДЫРҒАН БЫҚ БЕЛЕСТЕР

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.Е. КӨШЕРБАЕВТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ XIV СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Құрметті депутаттар, әріптестер!

Бүгін біз ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығын қорытындылап отырмыз. Біз оның екінші жартысына қандай нәтижемен жеттік, қандай жұмыстар атқарылуда, қандай мәселелерді шешуге тырысудамыз...

Өздеріңізге белгілі, ақпан айында Облыс әкімінің 2017 жылға арналған іс-қимыл жоспары қабылданды. Жоспар 310 тармақтан тұрады. Бірінші жартыжылдықта жоспарланған тармақтардың барлығы мерзімінде іске асырылды, қалғаны – орындау үстінде.

Жалпы алғанда, жылдың бірінші жартысында, менін ойымша, жаман өткен жоқпыз. Әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық көрсеткіштері бойынша оң өсім қамтамасыз етілді. Тек қана мұнай өндіру көрсеткішінің және сәйкесінше, өнеркәсіп өндірісінің көлемін қоспағанда. Бірақ, бұл жерде объективті себеп бар – мұнай өндіру көлемінің табиғи төмендеуі. Бұл – өздеріңізге белгілі. Өкінішке қарай, бұл көрсеткішке

біз ешқандай әсер ете алмаймыз. 2017 жыл болжамы – 6,8 млн тонна, 2016 жылға қарағанда 840 мың тоннаға аз, ал, 4 жыл бұрынғы көрсеткіштен 4,2 млн тоннаға төмендеген. Бұл, көршілес Ақтөбе облысының жылдық мұнай өндіру көлеміне сәйкес. Ағымдағы жыл басынан біз 450 мың тоннаны ала алмадық. Жағдай мұнайдың сулану деңгейі мен тұрақсыз, төмен бағасына қатысты.

Шығынның көлемі мен мұнай саласының экономикаға ықпалын еліміздің Ұлттық қорына түсетін түсімдерге қарап-ақ пайымдауға болады. 2013 жылдың өзінде мемлекет қазынасына Қызылорда облысынан 500 млрд теңге аударылған болса, ал, биылғы жыл басынан бар болғаны – 58 млрд теңге.

Осыған байланысты біз Үкіметтен жаңа кен орындарын барлау құқығын беретін келісімшарттардың мерзімдерін ұзарту, экспортқа шығарылатын мұнай көлемін арттыру мәселелерін тездетіп қарауды сұраған болатынбыз. Сондай-ақ, өңірдегі уран өндіру көлемін қысқартпау мәселесі де қойылды.

Бұл мәселелерді біз Премьер-министр Б.А.Сағынтаевтың облысымызға 28 маусымдағы жұмыс сапары барысында да қойған болатынбыз.

Осы орайда, қабылданған Үкіметтің хаттамалық тапсырмаларының орындалуына үміт артамыз (Б.Ә.Сағынтаевтың, А.Ұ.Маминның) өйткені өнеркәсіп өсімі осы мәселелердің оң шешілуіне тікелей байланысты.

Сонымен бірге, Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында аймақта негізгі секторларды техникалық қайта жарақтандыру, еңбек өнімділігі деңгейін арттыру, экспорттық өндірістің бәсекеге қабілетті дамуы жөнінде шаралар қолға алынууда.

Нәтижесінде, өңдеу секторындағы өндіріс көлемі жыл басынан 9,4%-ға өсті, өткен 2013 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге (151,2%) артқан. Салыстырсақ, сәйкес кезеңде ҚР бойынша өсім қарқыны 8%-дан төмен көрсеткішті беріп отыр. Бұл ретте, шикізаттық емес сектордың жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) құрылымындағы үлесі 4 жылда 3 есе өсті.

Технологиялық дамудың маңызы да аз емес. Мәселен, испандық жана технологияны енгізудің арқасында бүгінгі таңда «Арал түзі» АҚ өнімін экспорттау 40 есе ұлғайды! Соңғы 2 жылда кәсіпорын Ресейдің ас тұзы нарығының 12%-ын жаулап алды.

Аймақтың дамуында маңызы зор басқа да жобаларды іске асыру бойынша да жұмыстар жалғасуда.

Ағымдағы жылы біз экспортқа бағытталған 2 кәсіпорынды іске қосуды жоспарлап отырмыз, олар: молибден үш тотығын өндіретін кәсіпорын және шыны зауыты.

Молибден зауытында технологиялық құралдардың бірінші желісінде сынама жұмыстары жүргізілуде. Өнімнің негізгі көлемін Жапонияға экспорттау жоспарлануда. Жыл соңында өндірісті толыққанды іске қосамыз. Сонымен қатар, құралдардың екінші желісін сатып алуға қосымша қаржы көздерін тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шыны зауыты бойынша – баршаға белгілі қиындықтарға қарамастан, 2017 жылғы 15 мамырда Мемлекет басшыларының Пекин қаласында өткен «Бір белдеу, бір жол»

халықаралық форумындағы кездесуі аясында қытайлық «Чайна Триумф» компаниясы мен «Orda Glass Ltd» ЖШС арасында шыны зауытының құрылысын үстіздегі жылдың желтоқсанында аяқтау жөнінде меморандумға қол қойылды. Одан бөлек, Премьер-министр Б.Ә.Сағынтаевтың облысымызға 28 маусымдағы жұмыс сапары аясында ағымдағы жылы құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау үшін мердігерлік шартқа да қол қойылды. Бүгінде зауыттың 100% құралдары құрылыс алаңына әкеліп қойылды және құрастырылуда.

Айтпақшы, қытайлық әріптестер екінші кезекте күн батаресына, смартфондар мен планшеттерге арналған экспорттық әлеуеті зор ультра жіңішке шыны шығару зауытының құрылысын тездетіп бастай беру жөнінде мәселе қойып отыр.

Шыны зауыты құрылысының мәселесі «қолмен басқаруда» (ручное управление). Зауыттың құрылысын өз мерзімінде аяқтау үшін біз қажеттің барлығын жасап жатырмыз.

Биылғы жылдың соңында Арал қаласында қалыңдығын біртіндеп сода өндіретін зауыт құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз. Құрылысты бастау бұдан ертерек жоспарланған болатын, алайда, жоба бастамашысы тарапынан зауыттың өнімділік қуатын ұлғайту туралы шешім қабылданып, жобаға тиісті түзетулер енгізілуде. Қаржы көлемінің аз ғана ұлғаюы нәтижесінде (81 млрд-дан 87 млрд-қа дейін немесе 7,4%) жобаның жылдық өнімділігі қуаты 200 мың тоннадан 300 мың тоннаға немесе 50%-ға көбейеді.

Бұл заманауи, әрі еліміздің барлық қажеттілігінің 75%-ын қамтамасыз ететін республикадағы бірден-бір қалыңдығын біртіндеп сода өндіретін зауыт болмақ. Бүгінгі таңда, өкінішке қарай, қалыңдығын біртіндеп сода нарығын 100% импорттық өнімдер құрайды.

Айтпақшы, жобаның келешегін ескере отырып, Премьер-министр Б.Ә.Сағынтаев тарапынан 2018 жылға жаңа зауытқа инфрақұрылым жүргізуге республикалық бюджеттен 3,5 млрд теңге бөлу туралы ұсынысымыз қолдау тапты.

2-бет

# ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – ҰЛЫ МІНДЕТ



Биыл – Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылғанына 25 жыл. Атаулы күнде сала ардагерлері мен қызметкерлерін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтады.

Салтанатты жиында алдымен комитеттің арғы-бергі шежіресінен сыр шертіп, мемлекет дамуындағы ролін айшықтайтын бейнеролик көрсетілді. Көрінбес майданда күн-түн демей жұмыс істеп жүрген органды қалғуға, мүлуге орын жоқ. Мемлекет тыныштығы бөрінен маңызды. Абыройлы да жауапты міндет қырағылықты, ыждағатшылықты қажет етеді. Ширек ғасыр ішінде ҰҚК көптеген қауіпті бетін қайтарып, талай лаңкестіктің жолын кесті. Комитет қалыптасып қана қоймай, реформалар нәтижесінде тұрақты дамып отырды. Комитет құрылымындағы барлық өзгеріс әлемдегі және елдегі ахуалмен тығыз байланысты. Реформалар комитетке жүктелген міндеттерді тиімді шешуді, тәуелсіз Қазақстанның мүддесін қорғауға бағытталды. Бүгінде ҰҚК – кез келген қатер мен сынаққа шұғыл жауап бере

алатын икемді әрі жоғары білікті арнайы қызмет.

Бейнеролик арқылы ғарышкерлер Федор Юрчихин мен Олег Новицкий халықаралық ғарыш стансасының бортынан ведомство өкілдеріне сәлем жолдады. Оларды мерейлі белеспен құттықтап, осыған байланысты комитеттің жалаушасын зор құрметпен ғарыш орбитасына көтерді.

Сала өкілдерін кәсіби мерекесмен құттықтаған облыс әкімі Қ.Көшербаев ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында құрылған арнаулы орган ширек ғасыр ішінде тұрақты жетіле отырып, даму мен қалыптасудың сындарлы жолдарынан өткенін атап айтты.

– Комитет құрылымындағы өзгерістер әлемдегі және елдегі ахуалмен тығыз байланысып қана қоймай, егемен еліміздің мүддесін қорғау болды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің тұғырлы болуы жолында бастарыңызды

бөйге тігіп атқарып жүрген адал қызметтеріңіздің алар орны ерекше. Бұл жолда батырлық та, батылдық та, тапқырлық та, айлауы ақыл да сіздердің бойларыңыздан табыла білуі қажет. Ұлт мүддесі үшін күресте қажымай-талмай еңбек етіп, толымды табысқа жете беріңіздер. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, амаңдық тілеймін, – деді ол.

Еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан зор үлесі мен елеулі еңбегі үшін облыс әкімінің алғыс хаттарымен ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің 6 қызметкері марапатталды. Сонымен қатар департамент ардагерлері мен тағы бірқатар қызметкеріне комитеттің мерейтойлық медальдары мен алғыс хаттарын департамент бастығы, полковник Танат Жүнісов табыстады.

Мерекелік шарада қазақстандық және жергілікті өнер иелері ән мен биден шашу шашып, ҚР ҰҚК-нің корпоративті гимні орындалды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.



# БЫІК БЕЛЕСТЕР

Облыс бюджеті әлі де өзінің әлеуметтік бағыт-бағдарын сақтап келеді (137 млрд теңге). Яғни, жан басына шаққандағы көлем бойынша біз бұрынғыша бірінші орында тұрмыз, өйткені, жылдан-жылға көптеген әлеуметтік мәселелер жинақталып қала берген.

Дегенмен, денсаулық сақтау, білім салалары біздің жұмыстың басты ең басым бағыттары болып қала береді.

Соның ішінде, ағымдағы жылдың тамыз айында орта білім беру саласында апатты жағдайдағы мектептердің мәселелері толығымен шешіледі. Өз кезегінде бұл мәселелердің оңай болмағандығын өздеріңіз де жақсы білесіздер, себебі, аталған мектептерді біз дағдарыс және бюджеттік қаражаттың мүлде жетіспеушілігі кезеңінде бастаған болатынбыз.

12 апаттық мектептердің ішіндегі 9 мектепті біз ағымдағы жылдың мамыр айында іске қостық, қалған 3 мектепті жаңа оқу жылы қарсаңында, яғни, тамыз айында іске қосамыз.

түсе алмай қалған барлық балалармен, әрине, жеке-дара жұмыс істейміз. Әрқайсысымен!!! Олардың өздерін өздері жоғалтып, «маргиналды» жастардың қатарын толықтыруларына жол бермеу керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап тегін кәсіптік-техникалық білім беру жобасы іске қосылады.

Облыстың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын ескере отырып өзіміз жасаған еңбек ресурстары балансының негізінде еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, 6 мың мектеп бітіруші, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыздар есебінен біз кадрларды тегін даярлауды қамтамасыз ететін боламыз.

Ағымдағы жылы денсаулық сақтау саласында жалпы өлім көрсеткіштері төмендеген, қан айналымы жүйесінің және аса қатерлі жаңа өскіндер сырқатынан орын алатын өлім-жітім көрсеткіштері, туберкулез ауруынан туындайтын өлім көрсеткіштері азайды.

Әсіресе, сәбилер өлімі өткен жылмен

сапары барысында да көтерілді, нақты тапсырмалар берілді.

Күрметті депутаттар! Осы сәтті пайдалана отырып, Сіздерді ҚР Премьер-министрі Б.А.Сағынтаевтың Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында менің жоғарыда атап өткендерден бөлек көтерілген мәселелер бойынша хабардар етіміз келеді.

**Бірінші.** «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының (САРАТС-2) екінші кезеңін жүзеге асыру туралы.

Біз аталған жобаны Дүниежүзілік банкі арқылы қаржыландыру мәселелері бірнеше жыл өз шешімін таппай жатқандығын ескере келе, жобаны қаржыландыруды республикалық бюджет арқылы жүргізу позициясын ұстанып келеміз. Дегенмен, әділеттілік үшін, аталған бағытта Дүниежүзілік банкі мен көршілес елдердің позициясында кейбір позитивтік өзгерістер бар екендігін атап өту қажет.

Бұл жобаның барлық Арал өңіріне маңыздылығын тек біз ғана айтып келе

Ағымдағы жылдың 12-13 маусымында Байқоңыр қаласында Байқоңыр кешеніне қатысты 5-ші Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясы өткізіліп, Байқоңыр қаласын бірлесіп дамытудың 2017-2025 жылдарға арналған бағдарламасының жобасы, Қазақстанмен Байқоңыр қаласын дамытудың механизмдері және басқа да мәселелер келісілді.

Отырыс нәтижелері ағымдағы жылдың 13 маусымында ресейлік әріптестердің қатысуымен Астана қаласында ҚР Премьер-министрі Б.Ә.Сағынтаевта егжей-тегжейлі қаралды. Жағдай Елбасына баяндалды.

Жалпы, «Байқоңыр» кешенін бірлесіп пайдалану мәселелерін үкіметаралық комиссия аясында шешудеміз. Дегенмен, шешілуі үкіметаралық комиссияның құзырына кірмейтін және үкіметтік деңгейде шешуді қажет ететін мәселелер де бар.

Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары Ресей Федерациясының Үкіметі Байқоңыр қаласын қаржыландыруды айтарлықтай қысқартты, әсіресе, қаланы дамыту бюджеті қысқарды. Сондықтан, біз ҚР Үкіметі алдында Байқоңыр қаласын дамыту үшін республикалық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу мәселесін және қалада қолжетімді тұрғын үй, сондай-ақ, коммерциялық тұрғын үй құрылысын жүргізу мәселелерін көтердік. Жалға беру шарты бұл мақсатқа мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылдың маусым айында Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі мен «Самұрық Қазына Инвест» компаниясы Байқоңыр қаласынан 130 километр жерде орналасатын қуаттылығы 50 МВт жаңа күн электростанциясының құрылысын қаржыландыру ниетін білдіретін құжатқа қол қойды. Онымен өндірілетін таза энергия облыс тұтынушыларына және қосымша Қызылорда қаласына бағытталатын болады.

Жалпы айтқым келетіні, Мемлекет басшылары Н.Ә.Назарбаев пен В.В.Путиннің келісімдерінің арқасында «Байқоңыр» кешенінде бірлескен жобаларды жүзеге асыруда біз елеулі жетістіктер қарсаңында тұрмыз.

Мәселе тек космосты игеруде ғана емес, сонымен қатар, экономиканың әр түрлі саласында бірлескен кәсіпорындар мен жобаларды жүзеге асыруда.

Кезекті отырыс кезеңі Мәскеу қаласында ағымдағы жылдың 19-20 шілдесінде өткізіледі деп күтілуде.

Күрметті депутаттар, әріптестер! Бұл – бірінші жартыжылдықтың негізгі қорытындылары. Барлық бағытта қажетті жұмыстар жүргізілуде. Бірақ, алда атқарылатын жұмыс әлі де көп.

Айтылғандарды қорытындылай келе, Сіздердің назарларыңызды соңғы уақытта баспасөзде жиі кездесетін мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген мемлекеттік мекемелердің басшыларының арасында орын алып отырған жемқорлық фактілеріне аударғым келеді. Өкінішке қарай, мұндай фактілер біздің облыс бойынша да кездесуде. Бұл еліктіргіш жағдай біздің кейбір шенеуніктерді де айналдырған жоқ.

Бұл тақырып бойынша көп сөздің қажеті болмас, бұл жағдайдың қаншалықты тиянақсыз, әрі арыз екендігін де айтқым келмейді. Былайынша да, бәріне белгілі нәрсесі, түсінікті жағдай.

Қарамағында көп нәрсе таза еме бірінші басшыларға тиісті талап оқу уақыты келді деп есептеймін. Себебі, өзінің қоластындағы әр қызметкер үшін жауапкершілікті тікелей оны тағайындауға бастамашы болған басшысы көтеріуі тиіс.

Жемқорлықтың әр фактісі оны жасаған лауазымды тұлғаны ғана емес, сондай-ақ, оның тікелей басшысын жауапкершілікке тарту үшін немесе мүлдем орнынан түсінуіне негіз болуы тиіс.

Мүмкін, осындай қатаң әрекеттер көп жағдайда заңға қайшы істердің алдын алуға себеп болып, бүкіл облыстың және елдің беделіне нұқсан келтірмес.

Сондықтан, барлығыңызды аталған мәселе бойынша талапты да тиянақты болуға шақырамын. Бұл бағытта қажетті табандылықты көрсетуге біз дайынбыз. Бұл менің ресми мәлімдемем және тағы да ескерткім деп қабылданыңдар! Ортақ қызметімізге сәттілік тілеймін!



## ЖЕМІСТІ НӘТИЖЕЛЕР

Аймақ өнеркәсібі секілді Жаңақорған ауданында да өндіріс саласы қарқынды дамып келеді. Бұл орайда индустриялық жобалар өз жемісін беруде. Бүгінгі таңда Шалқия кенішіндегі қорғасын-мырыш игеру жобаларын қаржыландыру мәселесі шешілген. Сонымен бірге, ірі томат пастасын өндіру зауытының құрылысын бастау жұмыстарына дайындық жүргізілуде.

Әлемдік нарықтағы ұран бағасының төмендеуіне қарамастан, «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық компаниясына қарасты «Бәйкен-У», «Корасан» серіктестіктері ұран өндіру көлемін арттырды. «СКЗ-У» күкірт қышқылы зауыты онім өндіру мен электр қуатын арттыруда жобалық межеге сенімді шықты.

Біздің зауыт үшін маңызды мәселе күкірт қышқылы өндірісіне арналған шикізаттың бағасында болып отыр. 2016 жылы шикізаттың бағасы көтерілуі қаупі туғанда облыс әкімі Қ.Көшербаев уақытылы араласып, бұл мәселені шешуге қолдау көрсетті. Нәтижесінде мәселе оңтайлы шешіліп, шикізат бағасы 2015 жылы деңгейде қалды және 1,5 жылға сақталатын болды. Бұл кәсіпорынға 500 млн теңгені үнемдеуге қол жеткізді. Соның нәтижесінде зауыт Жапон банкітері алдындағы несиелік міндеттемелерін толық орындап, дефолттық қауіптің алдын алды. Бұл орайда жапондық «Марубени» компаниясы мен «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық компаниясы мәселеге кепіл болғанын атап өткен жөн.

Бұл көмек уақытылы және дер кезінде болғандықтан біздің компания өз әлеуетін сақтап қалды. Соның нәтижесінде кәсіпорында бірде-бір қызметкер жұмыстан қысқарған жоқ. Ал, зауыт бүгінгі күні қалыпты да толық қуатында жұмыс істеп тұр. Ең бастысы, өндірілген өнімдердің бағасы көтерілгені жоқ және барлығы деңгейде қалды.

Бүгінгі таңда облыс әкімдігі өнеркәсіптің қарқынды дамуына қол жеткізу үшін барлық мүмкіндіктерді жасауда. Жергілікті атқарушы органдардың бұл қолдауы біздің әлеуметтік жауапкершілігімізді арттырды. Мұнай-газ саласындағы проблемаларға қарамастан, аймақ билігі экономиканы әртараптандыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға күш салуда.

Өңір экономикасының ырығаты дамуына және тұрғындардың өмір сүру сапасының жақсаруы бағытында облыс басшылығы тарапынан үлкен жұмыстар атқарылып жатқанын айтсам, барша облыс депутаттарының ортақ пікірін білдіргендей боламын деп есептеймін.

Мәдіхан БЕКЖАНОВ,  
облыстық мәслихат депутаты.



## ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында облыс әкімі Қ.Көшербаев ағымдағы жылғы алты айында аймақта атқарылған жұмыстарды саралады. Облыстың денсаулық сақтау саласында толайым тіріліктер атқарылғаны айтылды.

Ұлт денсаулығын сақтау – мемлекет назарындағы басты мәселе. Осы бағытта, облысымызда соңғы жылдары денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасы тұрақты нығайтып келеді.

Өздеріңізге белгілі, көптеген медициналық ғимарат жаңадан салынып, іске қосылды. Биылғы жылдың өзінде көптен күткен Қазалы, Арал аудандық ауруханаларының құрылысы басталды.

Откен жылы Байқоңыр қаласында тұңғыш рет облыстық медицина орталығының филиалы ашылды, іске қосылды.

Сонымен қатар сирек кездесетін ауруларға облыстық мәслихат шешімімен дәрі-дәрмек тізімі ұлғайтылды, оған қосымша жергілікті бюджеттен 150 млн теңге бөлінді.

Откен жылы 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, өңірде бес Жол картасы бекітілді және аймақ басшысының қолдауымен қомалты қаржы бөлінуде.

Аймақтағы кадр тапшылығын төмендету мақсатында бөлінген грант бойынша алғаш рет 2016 жылы 11 дәрігер резидентураға қабылдана, ал биылғы жылы 20 дәрігердің оқуына қаржы қарастырылып отыр. Ағымдағы жылы Санкт-Петербург қаласында балалар реаниматологтары және неонатолог дәрігерлерінің білімін жетілдіруге қаржы бөлінді.

Осындай қолдау мен тиімді ұйымдастырушылық жұмыстар арқасында, медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету көрсеткіші – 45,19 пайыздан 73,4 пайызға дейін өсті. Ал, республикалық көрсеткіш 71 пайыз болды және ағымдағы жылдың 6 айлық қорытындысы бойынша жалпы өлім-жітім 3,7 пайызға, жаракат, улану, жазатайым жағдайлардан өлім-жітім көрсеткіші 30,7 пайыз төмендегені байқалды. Бұдан басқа да көрсеткіш жақсаруда.

Нұрлидн ӘМІТОВ,  
облыстық мәслихат депутаты.



## ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ

Биылғы жылы облыс бюджетінің көлемі 200 млрд теңгеге жуық қаржыны құрады. Сондықтан болса керек, өңірдегі өзекті болып келген бірқатар әлеуметтік мәселелер шешімін тауып келеді. Атап айтқанда, қаланың іргесіндегі Досан ауылы, Абай ауылындағы, Тасбөгет кентіндегі көшелердің орташа және ағымдағы жөндеуден өткізілуіне, сондай-ақ қала орталығындағы көшелерді кеңейтіп, қалыпқа келтіруге қажетті қаржы бөлінді.

Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселесінде де лайықты көңіл бөлініп, ауыл шаруашылығы саласындағы суармалы жер инфрақұрылымын қалпына келтіру, ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жұмыстары оң шешімін тапқан. Сондай-ақ, жыл сайын су тасқыны кезінде зардап шегетін «Жалағаш-Байқоңыр» бағытындағы ішкі жолын төзімді етіп жөндеуге тиісті қаржы бөлінді.

Ал сол жағалаудан қанат жайып келе жатқан қала құрылысы дер кезінде көтерілген бастама деп білемін. Келешекте Сыр аймағының сулетінін артып, қалыңтың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейін жақсартуға, бір сөзбен айтқанда, өңір экономикасының өрлеуіне өзіндік септігін тигізгі әнык.

Қоғамның қалпына, заманның салтына сай еңбек нарығының, тұрғындардың талғам таразысының өзгеріп тұруы заңды. Осы орайда облыс көлемінде атқарылған жұмыстар аз емес. Оның барлығы да елдің игілігіне қызмет етеріне сенімім мол.

Шахмизада ӘБДІКӘРІМОВ,  
облыстық мәслихат депутаты.



## ҚОЛДАУ ҚАНАТТАНДЫРҒАН КӘСІПКЕРЛІК

Аймақта жашай кәсіпкерлікті дамыту, бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау, қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынды.

Сонын бір нәтижесі – кәсіпкерлік саласындағы ұйымдар бір ғимаратта орналастырылып, әкімшілік кедергілерді қысқарту қиындықтарын қысқарту қиындықтарын қысқарту орталығы да рұқсатнама құжаттарын алу және инженерлік жүйелерге техникалық шарттар алу бойынша ақсаяз негізде қызмет көрсетуде.

Бұрын кәсіпкерлердің техникалық шарттар алуы ұзақ уақыт алатын. Ал қазір кәсіпкер орталыққа құжаттарын тапсырған соң 5 күн мерзім ішінде орталық маманы техникалық шарттар алуға жұмыс жасайды. Бұл кәсіпкерлерді зәуре-сарсаңға салмай, әкімшілік кедергілерді болдырмауға септігін тигізгі отыр.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларынан бөлек, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің, оның ішінде ауылдық елді-мекендердегі кәсіпкерлердің қаржылық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында өңірмізде «Даму-Аймақтар» бағдарламасы іске асырылып, облыстық бюджет пен «Даму» қорынан төлеп-тең мөлшерде 700 млн теңгеден бөлінді. Сондай-ақ, бүгінгі сессияда «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығын қаржыландыруға 100 млн теңге бөлінді.

Мұның бәрі қазіргі таңда ауылдық аймақтардағы кәсіпкерлік бастамасы бар азаматтарға оң серпін берді деп айта аламын. Бұған дәлел 4 ай ішінде ауылдық аймақтарда 1 286 кәсіпкерлік субъектілері тіркелген.

Бұдан өзге, өңірде импорттан отын бастатын ірі инвестициялық жобалар қолға алынды. Қуаттылығы жылына 300 мың тоннаын құрайтын қалыңшөлейділігінен сода зауытының құрылысы аймақта 700-ден аса жұмыс орынын құрылып, жергілікті бюджетке түсетін салық түсімінің артуына, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпалын тигізеді.

Жалпы аймақтың кәсіпкерлікті дамыту барысындағы тәжірибесі бойынша өңірміздің рейтингі жоғары. Өзге өңірлер де бізге тәжірибе алмасуға келіп жатыр. Олай болса, кәсіпкерліктің дамуы өңірдің өрісті өркендеуіне ықпал етеді.

Мейрамбек ЖҰМАШЕВ,  
облыстық мәслихат депутаты.



Абылайханның тікелей ұрпағы, оның саясатын жалғастырушы, қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін бар өмірін ат үстінде өткізген, ақыры сол мақсат жолында шойт болған қайыр ер Кенесары Қасымұлының туғанына биыл 215 жыл, ал ол басқарған ұлт-азаттық көтерілістің басталғанына 180 жыл толады.

«Арқада Бұрабайға жер жетпейді, Алашта Кенекеме ер жетпейді. Көкшеде күңіренген Кенем қайда?»  
Дарсқа, жүзегімізді дерт өртейді! – деп «аһ» тұрған түркішті ақын Мағжан Жұмабаев осы бір ұлы тұрған тарих сахнасындағы орын, ролін көгердікпен тап басып білді. Басқа да көптеген қазақ зиялылары осындай пікірде болғанымен, халықтың санасында, ауыз әдебиетінде Кенесары есімі тәуелсіздік жолындағы күрестің туы ретінде қалғанына қарамастан, кешегі тоталитарлық режімнің идеологиясы оны «халық жауы» деп жариялады. «Правда» газетінің жауына қарасақ, (26.012.1950ж.) бұл қазақ халқын кері тартқан патриархалдық-феодалдық тіректерді ңғыайтуға, ортағасырлық хандық үкіметті қайта орнатуға, Қазақстанды Ресейден және ұлы орыс халқынан бөлектеуге тартқан реакцияшыл қозғалыс болды.

# Аяланың ержірек батыры

Құдайға шүкір, Сталин құрған, сонау тоқырау заманы дамытқан өктемшілдік, сананы басып-жанышп тұратын да идеология да құрып бітті. Тарихтың көптеген «актандары» ашылды, Қазақ-Ресей қарым-қатынастарының қыры мен сырғына объективті, әділ көзқарас орнай бастады. Сөйтіп талай заманнан бері империялық зобаланыпн құрбаны болған Кенесары бабамыздың да аруағымен қайта табыстық.

Еліміз егемендікке жетіп, тәуелсіздік алғаннан бастап, тарихи диалектикалық көзқарасқа сүйене отырып, XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалысының, кейбір мәселелерді туралы сөз қозғап, пікірмізді ортаға салғым келеді.

Жұртшылыққа мәлім, Алтын Орда ыдырап, Шыңғысханд іргесін қалаған империя құлаған кезде оған 300 жыл бойы бағынышты болған орыс мемлекеті есін жігді. Дәл осы кезде түрік тектес халықтардың да Қырым, Қазан, Астрахань, Қазақ, Сібір хандары құрылды. Орыс мемлекеті бірте-бірте күшейіп, империяға айнала бастады. Ол алма-кезек Қырым, Қазан, Астрахань, Сібір хандықтарын жаулап, өзіне бодан етті. Сөйтіп біздің сахараның шетінен бір-ақ шықты. Қазақ еліне Бұқар жырау айтқандай:

Шашын күнде тарайды,  
Қуниғысқа қарайды, – дейтін орыс елінің өкіметі көзін тікті. Оны болашақта жаулап алу идеясы сол XVI ғасырдан бастап, Ресей патшаларының бір сөз жатса – түсінетін, тұрақ ойынан кетпейді. Бірінші Петр «Азияның кілті мен құпия» санаған қазақ сахарасы ертелі кеші Ресейге қосылуы, бодан болуы осылай мемлекеттік саясат дәрежесінде қалыптасты.

Бұй саясат қашқан, босқан орыс шаруаларының Жайық бойына келіп күнелтуі, әскери отаршыл-қазақтардың іргелес қоныстануы, қазақтарды шоқындыру, дипломатия, сауда-саттық қатынастар арқылы жүргізілді. Қазақ сахарасына қалмақтарды, башқұрттарды, одан қалды қазақтарды айдап салып, күн сайын, жыл сайын берекесін кетіре берді. Қазақ еліне, іргелес қорғандар, әскери бекіністер салып, экспедициялар жасақтап, ақыр аяғында Қазақ елін өзіне бодан болуымен аяқтады.

1822-1824 жылдары отаршылдықтың жана кезеңі басталды. Хандық билік жойылды, қазақ елі орыс мемлекетінің губернияларының құрамына енді. Қазақ

елінің басына күн туды. Міне, осы сәтте тарих сахнасына Сырымдай, Исатайдай, Махамбеттей, Есеттей, Жанқожадай, Кенесарыдай ұлы перзентер келді.

Қарадан шыққан әскери элита, елге билік айтқан шешендер мен көсемдер хан тірегіне айналды. Хандық билікпен ақыл-қуштің тетігі батырлар мен билер билігіне ұласты. Билер мен батырлар ежелген кара халықтың рухы хандық өктемдікті шектей білді. Сонау Ұлытау мен Қоқшетауда, Сайрам мен Түркістанда бүкіл қазақтың құрылтайлары шақырылып, соғыс пен бітім, қоныс пен жайылым, дау мен дамай, басқа халықтармен сауда және дипломатиялық қарым-қатынас мәселелері көп талқысынан өтіп, шешімін тауып жатты. Үш жүз біртұтас халық болып қауышып, ынтымақ-бірлік туы астында табыстыатын. Барша халықтық жыын сол заманға лайық парламент болатын. Абылай ханның даналығы мен көрегендігі осы бір дала демократиясын, хандық диктатураны бір тірекке саа білді. Ерлік ұранымызға, бүкіл қуранымызға осылай айналды. Бөгенбай, Қабанбай бастаған жаужүрек батырлар Абылайдың семсер ұстаған қолы болса, Бұқар дана мен Төле би бастаған шешен мен көрегендер тобы Абылайдың сезімтал жүрегі болды.

батырға ұқсап патшамен халық арасында жүріп мал тапқан сатқын сұлтандарға, билерге батырларға қарсы соғысты. Сөйтіп, ол бастаған күрес те бүкіл халықтық синат алды. Үшіншіден, Сырым бастаған, Кене хан бастаған күресті қолдаушы, оның негізгі қозғаушы күші кара шаруалар еді. Міне, осылай Сырым мен хан Кене көтерілістері үндестік тапты.

Кенес тарихнамасы хан Кене бастаған ұлт-азаттық қозғалысын айтқанда, оның қазақтардың да жерін тартып алғандығын баса айтады. Бұл дұрыс, бірақ жеткіліксіз. Өздеріңіз ойлаңыздаршы,



орыс мемлекеті өзгендерді жағалай қазақтарды орналастырды. Тіпте хан Кененің жаз жайлауында Торғай, Ырғыз қорғандары салынды. Тек 1755-1772 жылдарда ғана Кіші жүз бен Орта жүз жерінде, Жайықтан Өскеменге дейін 3,5 мың шақырым шеп бойына бекіністер салынды.

Әдебиеттегі, тарихта хан Кененің бейнесі дұрыс суреттелмей келеді. Ол хандық билік үшін таласқан, арпалысқан, өте қатал, сұм тиран санатында айтылып, бейнеленіп жүр. Ал шын мәнінде отыз ұлының ішіндегі Қасым әулеті ғана ақ патшаға бағынбай, бабасының жолын қуды. Кенесары үш жүздің басын қосар хан болып кайланды, еңше оны отаршылдарға құлшына берілген сатқын сұлтандарға, билерге өктемдік жар сал жолы да, құқыда бар-ды. Еуропаның, тіпте сонау француздардың, Бурбон әулетін алсынздары, ондағы қантөгіс, ондағы бақталастық, өктемдік, т.б император әулеті арасындағы қарекет қазақ сахарасындағыдан артық шиеленіспесе кем болмағанын есте ұстаған абзал.

Хан Кене мен қазақ сахарасындағы патшаға сатылған элитаның қарым-қатынасын көрсететін Ахмет Жантүрін, Арсылан Жантүрін, Жанғабыл Төлегенов, Алтыбай Кебеков, Маман Абылаев, Қонырқұлжа Құдайменділн, Баймұхамед Айшуақов, Құлжан Қушқов сияқтылар патшаға берілгендігін сөзмен де, ісімен де дәлелден бақыты.

«У ішсен руымен» дейтін принцип әлі күшінде болатын. Көптеген пр өз көсемдерінің айтқанынан шыға алмады. Кенесары мұндай опасыз сатқандарға өте аяусыз болды. 1844 жылы шілде айының 20-нан 21-іне қараған түні Ахмет Жантүрін жасағын қоршап алып, 44 сұлтанды өлтіреді.

Осы бір мысалдан-ақ хан Кененің бойынан шұғыл қимылдың, мемлекеттік қайраткерлік пен өктемділіктің әділдік пен парасаттылықтың лебі өсіп тұрғаны көрініп тұрған жоқ па? Оның сұлтандарға, билерге қазақ елінің заңды ханы есебінде билік етуі заңдылық емес деп қустанға қылу әділдік пе?

Ағылшын зерттеушісі Томас Аткинсон қазақ сахарасында 7 жыл өмірін өткізіп, өзінің еңбектерінде «Кенесарының өзі көзсіз батыр, ұландары арасында шексіз беделді болатын, оған олар құдайдай құлшынатын, жетесіз кеткендерді аймайтын, оларды өлім жазасы күтетін. Жаумен кескілескен айкастарда ұран салып, айбалтасы жарқылдап, соғысқа бірінші кіретін. Бұл жігіттерге сенім беретін, оның көптеген бастамасының баянды болуына негіз қалайтын, одан тек қырғыздар ғана емес, тіпті өздерінің қоныстарының шебінде отырған орыстар да Кенесарының батыл шапқыншылығынан ескенетін дей келіп, ол егер білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең ығтілі атты әскерлерін құрар еді. Оларға тарихты даңққа бөлеген Шыңғыс хан жаһангерлерінің барлық тамаша қасиеттері тән болатын» – деп жазалды.

Орыстың әскери тарихшысы Н.Середа өзінің «Кенесары Қасымовтың дау-дамайы» деген енгендіге былай дейді: «Кенесары өз жасағының мәртебелі әміршісі бола білді. Оның рухына бөленген жасаққа еуропалық әскердің қандай да болсын қолбасшысы таңданыр еді. Дала құйынндай тегеурінді, екпінді Кенесарының қолы, қамал алдында да бөгемейтін. Қайта ондай бөгеттер оның қайтпас рухын қайыр түсетін, оның шұғыл қимылын қиянға көтеретін, мақсатына жету жолында кездескен кедергілерді жайрататын, қаһарлы күшті тасқындатын. Біздің көшпенділер Кенесары бойындағы осындай қасиеттерді қастерлейтін, оған деген шексіз сүйіспеншілікпен, жанын піда етуге даяр адалдықпен жүрекертіп лүптіледетін».

Ресейдің әскери тарихшысы В.А Поттонын Кенесарыны «Қырғыздардың Шәмәлі» деуі де содан болатын.

Әдебиеттегі, тарихымызда өз дәрежесіне көтерілмей келе жатқан мәселе хан Кененің қазақ халқының біртұтастығы үшін күресі барысындағы ғажайып дипломаттығы. Орыс мемлекеті қазақтарға қарсы Хиуа, Қоқанды, қырғыздарды айдап салды. Ал қырғыздар болса орта жүзге ұлы жүзді қарсы қоюға тырысты. Хиуа Есет батырды Жанқожаға, Жанқожаханы Кенесарыға қарсы қойып бақты. Патша үкіметі сатқын сұлтандарды Кене ханның соңына салды. Міне, осындай шытырман жағдайда Кене хан тұтастығының мүддесін жеке бастың қамынан жоғары қойды, ғажайып тапқырлықпен, асқан табандылықпен қиыннан қиыстырып, сан мәселенің түйінін шеше білді.

Кенесары өзінің ақ патшаға, Орынбор губернаторы граф Перовскийге, Батыс Сібір губернаторы князь Горняковқа жазған хатында «Сіздің ата-бабаларыңыз бенің атам хан Абылай тұсында халық тыныштыққа бөленген еді, ал оның тыныштығын ешкім бұзбағанд-ды. Екі ел арасында сауда-саттық болды. Біздің халыққа алым-салық салынбады. Ал кейіннен іс басқана болды, халықтан жасақ жинала бастады, оған әртүрлі қысым көрсетіліпін болды. Бейбіт өмірде келісім бұзылып, Сіздің бодан бастықсымдарыңыз «бүкіл қырғыз (қазақ) халқы Ресейге бодан болды» деп алдайды. Менің атам Абылай билеген елде сегіз жүз дан құрылды. Бұл халықты қалып мұңға дұшар етті. Бүкіл қазақ халқын қыспаққа салмай ол тыныштық өмірлен лозат алуы үшін мен мәртебелі ақ патша, елімізге бұрынғыдай жағдай қалпына келуін, сегіз оқругітк дауындызды құртуындызды сұрағанымға өзімді бақытты деп санар едім».

Міне, осылай Кенесары қазақ халқының біртұтастығын Ресей империясының қарамағында егеменді ел дәрежесінде сақтауын көкседі. Ол онда ақ патшаны, Ресейді бейбіт өмір сүруге шақырды. Тарих тәуелсіздік жолы қиын жол екендігін дәлелдеді.

Өтеубай ҚОЖАҚУЛЫ,  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 808 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізіліміде 05.07.2017 жылғы № 5898 тіркелген

«Мұрағат анықтамалар беру» мемлекеттік қорықтету қызметінің регламенті бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 28 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қызылорда облысының әкімі» мемлекеттік қорықтету қызметінің регламенті бекіту туралы» Қызылорда облысының әкімінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 28 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қызылорда облысының әкімі» мемлекеттік қорықтету қызметінің регламенті бекіту туралы» Қызылорда облысының әкімінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 28 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қызылорда облысының әкімі» мемлекеттік қорықтету қызметінің регламенті бекіту туралы» Қызылорда облысының әкімінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 28 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қызылорда облысының әкімі» мемлекеттік қорықтету қызметінің регламенті бекіту туралы» Қызылорда облысының әкімінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 28 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қызылорда облысының әкімі» мемлекеттік қорықтету қызметінің регламенті бекіту туралы» Қызылорда облысының әкімінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 28 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

